

Райымбек аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 13-59 "Райымбек ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналыстарының регламенттерін бекіту туралы" шешімінің күшін жою туралы

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 ақпандағы № 18-105 шешімі

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Райымбек аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 13-59 "Райымбек ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналыстарының регламенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 159181 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

С.Мусирбаев